Бәйдібек ауданы әкімдігінің ҚАУЛЫСЫ

Шаян ауылы **№ 80** **30 01 2026 жыл**

Аудан аумағындағы шұғыл шығындарға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының резерві есебінен қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы №171-VII «Қазақстан Республикасының бюджет Кодексінің» 20 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңының 31 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» №325 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 Аудан аумағындағы әлеуметтік осал топтағы азаматтарды өрт қауіпсіздігі мен улы газдан уланудың алдын алуға және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 1000 (бір мың) дана газосигнализатор алу үшін аудан әкімдігінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 8 000 000 (сегіз миллион) теңге қаржы бөлінсін.

2. Бөлінген қаржының мақсатты жұмсалуын аудан әкімінің орынбасары (Б.Қырғызалиев), аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі (Ж.Азизханов) қамтамасыз етсін.

3. Аудан бюджетіне ішінара өзгеріс енгізу аудандық экономика және қаржы бөліміне (М.Тұрымбековаға) тапсырылсын.

4. Осы қаулының орындалуын қадағалауды аудан әкімі аппаратының басшысы Ф.Әуенге жүктелсін.

Негізі: Бәйдібек ауданы әкімдігі жанындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия отырысының 2026 жылғы 20 қаңтардағы №01 хаттамасы.

Аудан әкімінің
міндетін уақытша атқарушы **Н.Ақбаев**